


Бекітемін
«Қостанай облысы
әкімдігінің мәдениет
басқармасы» ММ
басшысы


Е. Қалмаков

2021 жылғы « » ақпан



**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«Туған өлкем- жұмақ мекен!»
авторлық әндердің облыстық байқауының
Ережесі**

Өткізу уақыты

2021 жылғы шілде айы

Өткізілетін орны

Қостанай қаласы

Ұйымдастырушылар

- Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- Қазақстанның рухани бірлігін нығайту, жастардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру;
- әншілер репертуарын патриоттық тақырыптағы жаңа музыкалық шығармалармен толықтыру;
- патриоттық шығармалардың өңірлік авторларына қолдау көрсету;
- қатысушылардың шығармашылық деңгейін көтеру, талантты жаңа есімдерді анықтау.

Байқау шарттары мен үміткерлерге қойылатын талаптар

- Қостанай облысының қала, аудан ұжымдары қатыса алады;
- фестивальге қатысу жас ерекшеліктері: 16-40 жас;
- фестиваль ұжымдар (дуэт, трио, квартет, квинтет) арасында өтеді;
- әннің тақырыбына сәйкес лэд экранға бейнематериал әзірлеу;
- байқауда аспаптық ансамбльдердің сүйемелдеуімен өнер көрсетулеріне мүмкіндік бар.

Байқаудың жалпы сипаттамасы

- ұжымның таңдауы бойынша Қостанай облысы композиторларының бір әнін орындау (*сөзі мен әнін жазған авторлар да бағаланатын болады*);
- Қазақстан композиторларының патриоттық бір әнін орындау;

Қазылар алқасы:

- байқаудың қазылар алқасына белгілі музыка өнерінің қайраткерлері шақырылады;
- қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді;
- қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

Бағалау өлшемдері

- шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- орындаушылық шеберліктері, мәнерлігі, дауыстарының үйлесімділігі;
- ұжымның сахналық костюмдері;
- сахна мәдениеті.

Марапаттау жүлделері

- 1 орын (біреу);
- 2 орын (біреу);
- 3 орын (екеу);
- арнайы сыйлық.

Өтінім беру шарттары

өтінімдер hsb@ocsnt.kz электронды поштасы бойынша және Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 мекен-жайы бойынша қабылданады (байланыс телефоны: 8 (7142) 56-04-12, 56-01-29).

Жол жүру және тамақтануы

- қатысушылардың шығындарын жіберуші тарап көтереді.